

ӘОЖ 568 (65)

**АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ
ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Кашкимбаева Бекзия, Мұса Малина

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, «Туризм» мамандығының 2 курс студенттері,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Рустемова С.М.

Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігі арасында туризмді дамытудың сәйкессіздігін одан әрі теңестіру мақсатында Астана маңында туристік орталықтар салу қолға алынуда. Астанада заманауи инфрақұрылымның – жаңа үлгідегі жолдардың, қонақ үйлердің, мейрамханалардың болуы елордада және оның маңында келу туризмін дамытуға мүмкіндік береді. Тиісінше, келу туризмі үшін ірі туристік орталық құрылуы жоспарлануда.

Осы заманғы туризм индустриалды формасы бар, ұлттық экономиканың дамуының негізгі катализаторы болып табылатын, жаңа жұмыс орнын пайда болдыратын, ұлттық кірістің өсуіне әсер ететін, жергілікті халықтың тұрмысын көтеретін экономикалық құбылыс. Туризм саласында алдыңғы қатардағы шетелдің туризм индустриясын мысалға алсақ, оған салынған инвестициялардың тез өзін өзі ақтауының ең жоғарғы тиімділігін

көреміз. Бұл дегеніңіз, туризм өзі жетілген мемлекеттің экономикасына оң ықпалын тигізеді деген сөз [1].

Елбасы Н. Назарбаев бүгінде еліміздегі 10 туристік аймаққа баса назар аударылатынын айтты. Соның ең бастысы еліміздің бас қаласы – Астана қаласында демалыс орталықтарының тартымдылығын арттыру.

Астана қаласы үшін туризм саяси, әлеуметтік-экономикалық жоспарда маңызды орын ала отырып, оның әлемдік мәдени және танымдық туризмнің орталығы болуына мүмкіндігі жетерлік. Осыған байланысты бәсекеге қабілетті туристік-рекреациялық саланың қалыптасуы және дамуы үшін туристік инфрақұрылымның даму шараларының іске асуын қолға алу қажет. Олардың негізгі компоненттері: қонақ үй секторы, тамақтану кәсіпорыны, транспорт, туристерге ақпараттық қызмет көрсету, әлем нарығына туристік өнімнің қозғалыс жүйесі, кадрлық әлеует, туристік қызметтің деңгейі және түрлілігі, жаңа туристік маршруттардың пайда болуы, конгресс-көрме қызметінің дамуы, мәдени-спорттық шаралардың өткізілуі, туристердің қауіпсіздігі бойынша сұрақтар және нормативтік-құқықтық база [2].



Сурет 1. 2025 жылға қарай туризмнің жоспарланған үлесі

Елорда – еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің нышаны, халқымыздың мақтанышы. 17 жыл уақыт ішінде өзіндік кескін-келбеті қалыптасып үлгерген Астана әлемнің ең көрікті қалаларының қатарын толықтырды.

Қазіргі жағдайдағы тартымдылықтың өте маңызды компоненті - қоршаған орта сапасы. Шаруашылық жүргізудің нарықтық жағдайларында қоршаған ортаны ұйымдастыруда маркетингті пайдалану өте маңызды, бұл белгілі бір аумақтың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ықпал етеді және бастапқыда оның тартымдылығына әсер ете алады. Жалпы, туристерде танымал және туристік пункт, орталық, аудан, өңір түріндегі тиісті аумақтық туристік бірлестікке айналатын аумақ туристік тартымды болып саналады. Осылайша, туристік тартымдылық - бұл туристік және рекреациялық жүктемені оңтайлы қамтамасыз ететін аумақтың туристік әлеуетінің болуы және туристік ресурстардың толық сақталуын және қоршаған ортаның экологиялық теңгерімін бұзбай тиісті әлеуметтік-экономикалық нәтиже алу мүмкіндігі [3].

Астананы қоршаған аймағымен және Бурабай курорттық зонасымен көшпелі мәдениеттің орталығы бола алады. Осы кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдер: MICE-туризм, мәдени туризм және турне, таудағы және көл жағалауындағы демалыс, уақытша демалыс. Астана инфрақұрылымы дамыған, іскерлік туризм қаласы. Бұл қала халықаралық форумдар, көрмелер, конкурстар арқылы қызығушылықтары артқан

тұлғаларды тартады. Сарапшылардың ойынша, Астана демалыс орталықтарының тартымдылығын арттыру - туризмнің әлемдегі ең табыстылардың бірі болып табылады [4].

Астананың тартымды демалыс орындарына келетін болсақ, елорданың өзіндік символы болып табылатын «Бәйтерек» монументі, «Атамекен» этно-мемориалды кешені, «Mega Silk Way», «Думан» және «Хан-Шатыр» ойын-сауық орталықтары көпшілікке есіктері әрдайым ашық. Сондай-ақ Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ музыкалық-драма театры, Астана опера және балет театры тәрізді рухани құндылықтармен сусындауға мүмкіндік беретін орындар да елорда тұрғындары мен қонақтар үшін аянбай қызмет көрсетуде.

Кесте 1. Астанадағы демалыс орталықтарға 2018 жылғы адамдардың келу статистикасы:

Орталықтар	Жұмыс күндері	Демалыс және мейрам күндері
1. Хан-Шатыр	50-60 мың адам	100-150 мың адам
2. Mega Silk Way	40-50 мың адам	100 мың адам
3. Думан	15-20 мың адам	30 мың адам
4. Байтерек	5-10 мың адам	15-20 мың адам
5. Атамекен	2-3 мың адам	5 мың адам

Статистиканы көріп отырғандай, адамдардың келу бойынша «Хан-Шатыр» және «Mega Silk Way» сауда және ойын-сауық орталықтары алдыңғы қатарға шығып отыр.

Астана қаласындағы «Арлан-Тур» ЖШС туристік агенттіктің материалдарына сүйенсек жылына шамамен 250-300 виза рәсімделіп, 200 турға қызмет атқарылады. Әрбір турда адам саны 2-6 жетеді. Агенттік қызмет көрсету сапасын жоғарлату арқылы әрбір клиентке тиімді шарттарды ұсынады.

Дүниежүзілік Туристік ұйымның болжамдары бойынша 2020 жылы халықаралық туристік сапарлар 1,6 млрд адам болады деп болжанған. Туризм инфрақұрылымындағы жұмыс қазірдің өзінде ең кең тараған жұмыс орындарының бірі. Мұнда 158,7 мың адам жұмыспен қамтылған, ал маусымдық кезде бұл көрсеткіш 250 мың адамға дейін жетеді. Ұйымның мәліметтері бойынша туристік бизнес өндірістік-сервистік нарық айналымының 10% қамтамасыз етеді, оның үлесіне жалпы әлемдік инвестиция көлемінің 7% және барлық салық салымының 5% құрайды [5]. «Арлан-Тур» ЖШС туристік агенттігіне талдау жүргізілді (2-кесте). Онда туристік агенттіктің қаржылық тұрақтылығы көрсетіліп, болашақтағы даму тенденциялары қарастырылды [6].

Кесте 2. «Арлан-Тур» ЖШС туристік фирмасының қаржылық көрсеткіштерінің деңгейі мен динамикасы

№	Көрсеткіштер	Бірлік	Жылдар		
			2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
1	Өндіріс көлемі	мың теңге	14 541	13 241	17 486
2	Сату көлемі	мың теңге	13 913	12 207	16 503
3	Жаңа турөнімнің орташа көрсеткіші	%	20	35	40
4	Жаңа турөнімнің орташа көрсеткіші	%	15	30	35
5	Нарықтағы орын алуының деңгейі	%	5	3	8
6	Турөнімнің өзіндік құны	теңге	50 000	75 000	120 000

7	Жалпы кіріс	мың теңге	9 000	7 500	14 000
8	Сауданың рентабельділігі	%	2,5	1,6	4,0
9	Турөнімнің рентабельділігі	%	2,2	1,3	3,0
10	Маркетингтік шығындардың барлығы	мың теңге	250 000	500 000	1000 000
11	Жарнамаға кеткен шығындар	мың теңге	5 00	1 000	4 000
12	Ынталандыруға кеткен шығындар	мың теңге	2 000	2 000	6 000
13	Турөнімнің бір данасына кеткен маркетингтік шығындар	мың теңге	3 000	3 000	10 000

Ескертпе – кесте ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылған

Кестеде қарастырылған кәсіпорынның қаржы-экономикалық қызметінің соңғы 3 жылға талдауында көрсетілген көрсеткіштердің өзгерісінің динамикасы көрсетілген. Соған байланыста 2016 жылмен салыстырғанда, 2017 жылы өндіріс көлемі, сату көлемі, соған сәйкес, жалпы кіріс деңгейі де төмен болған. Ол 2016-2017 жылдардағы дағдарыспен тығыз байланысты. Ал, 2018 жылы бұл көрсеткіштер көбейіп, пайда деңгейі артқаны көрінеді.

«Арлан-Тур» ЖШС туристік агенттігінің емдік және танымдық мақсатта келесі шет мемлекеттерге Түркия, Тайланд, Куба, БАӘ, Қытай, Үндістан сияқты елдерге қызмет көрсетеді. Ал Қазақстан бойынша емдік мақсатта Сарыағаш, Мойылды, Алматы, Жаңақорған, Алакөл, Бурабай курорттарымен жұмыс жасайды.

Астананың туристік имиджін жоғарылату, яғни қаладағы демалыс орталықтарының тартымдылығын арттыру үшін қала әр түрлі халықаралық көрмелерге қатысып, сол арқылы отандық мамандарды жетілдіреді. Қазіргі таңда туризмнің саласы бойынша Астана қаласында арнайы даярланған бағдарламалар мен жобалар бар. Солар арқылы 2017 жылдан бастап туризмді дамыту үшін Астана қаласын жарнамалады. Оны жетілдіру үшін ұсынылатын критерийлер:

- туристік кластердің шарттарын іске асыру;
- Астана қаласының туристік ерекшеліктерін көрсету арқылы өзіндік келбетін құру;
- туризм саласы үшін арнайы кәсіби, білікті мамандарды дайындау;
- шетел туристерінің санының ұлғаюы;
- туристердің артуына байланысты Астананың туристік нысандарын көрсету және рекреациялық аймақтарға тарту.

Астандағы демалыс орталықтарының тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Ол үшін туристерді қауіпсіз тасымалдау үшін көлік қатынастарын дамыту керек. Астана қаласының туризмді дамытуға «Болашақ энергиясы» жобасында мемлекет тарапынан барлық жұмыс заңды негізде жүргізілуде. Туризм индустриясын дамыту үшін әкімшілік көптеген іс-шараларды жүзеге асырды. Нәтижесінде, туризм саласына қаржы бөлу арқылы туристер үшін әр түрлі қонақ үйлер, ойын-сауық нысандарын салу қолға алынды [7].

Сонымен, Астана қаласындағы демалыс орталықтарының тартымдылығын арттыру арқылы болашақтағы туризм саласының дамуын, туризмнен түскен табыстың артуын, жергілікті халықтың өмір сапасының және әл-ауқатының артуын, салық салу жүйесінің жетілуін, инвестиция ағымдарын жетілдіру керек. Сонымен қатар жаңа жұмыс орындарының құрылуын, туристер үшін қолайлы шараларды қамтамасыз етуді, мәдени-тарихи мұраға бет бұру мен қонақжайлылық салдары ретінде ұлттық құндылықтардың өсуін болжайтын туризмнің тұрақты түрде даму моделінен құралуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Повышение туристской привлекательности регионов обучения [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: // <https://studbooks.net>

2. Оценка привлекательности туризма Казахстана обучения [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: //https://articlekz.com
3. Бейжанова А.Т. Қазақстан Республикасындағы туризм саласындағы маркетингтің дамуы. // Вестник КазНУ: серия экономическая. – 2017. – № 4
4. Пузикова Е.П., Честников В.А. Международный туристический бизнес. – М.: 2014.-35 с.
5. Апышева А.А. Туристік фирмалар қызметіндегі маркетингті жетілдіру. – Саясат. – 2016. – №7-112 б.
6. «Арлан-Тур» ЖШС туристік агенттігі материалдары
7. Апышева А.А Астана қаласындағы туризмді жетілдіру жолдары//Аль-Пари. – 2018. – 1-12 б.